

Қызылқоға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № XX-10 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № LI-1 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 4646 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 7-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 08.09.2021 № 7-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және аудан әкімдігінің 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 15 қаулысына сәйкес, Қызылқоға аудандық маслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылқоға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № XX-10 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2821 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 қаңтарда аудандық "Қызылқоға" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасының 1 тармағы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын Қызылқоға аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер, гендерлік саясат, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс жөніндегі тұрақты комиссиясына (Сәрсенғалиева С.) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

А. Аккайнанов

Т. Бейсқали

Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020

жылғы 30 сәуірі № LI-1 шешіміне

қосымша

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11

желтоқсандасы № XX-10 шешіміне 2-

қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлері

№	Атаулы күндер мен мереке күндері	Әлеуметтік көмектің мөлшері, тенге
	Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	
1	1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері;	1 000 000
	2) қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар (бұдан әрі – КСР) Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;	100 000
	3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;	100 000
	4) коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;	60 000
1	5) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;	Жеңіс күні 60 000
	6) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жараплану, контузия алу немесе закымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 5, 6, 7 және 8-баптарында көрсетілген адамдардың отбасы;	100 000
	7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	100 000
	8) екінші рет тұрмыс құрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері);	30 000

9) 1941 жылы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды коса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткөрген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы енбекі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

30 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК